ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ

ӘКІМІ

АКИМ

КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«27» желтоқсан 2024 ж./г. № 277-ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

«Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссиясын құру туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 537-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес:

1. «Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссиясын құру туралы» Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 537-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкіммен құрылған Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссия құрамы осы өкімнің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы өкімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.Е. Жаналиновқа жүктелсін.

4. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысы
әкімінің міндетін атқарушы **Д. Жаналинов**

Қызылорда облысы әкімінің
2024 жылғы «27» 12 №2770 өкіміне
қосымша

Қызылорда облысы әкімінің
2022 жылғы «20» шілдедегі № 537 өкіміне
қосымша

Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі өңірлік үшжақты комиссия құрамы:

Қызылорда облысының әкімі (немесе міндетін атқарушы), комиссия төрағасы;

Қызылорда облысы әкімінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар саласына жетекшілік ететін орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары;

«Қызылорда облысы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы (немесе міндетін атқарушы), комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы (немесе міндетін атқарушы), комиссия хатшысы;

Комиссия мүшелері:

«Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

«Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы (немесе міндетін атқарушы);

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

Қызылорда облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы филиалының директоры (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Қызылорда облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (немесе міндетін атқарушы), (келісім бойынша);

«Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы филиалының төрағасы (немесе міндетін атқарушы) (келісім бойынша);

«Қазақстан Республикасы Құрылыс кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы (немесе міндетін атқарушы) (келісім бойынша);

«Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы (немесе міндетін атқарушы) (келісім бойынша);

«Қызылорда облысының қоғамдық тамақтандыру және қызмет көрсету саласы қауымдастығы» жеке кәсіпкерлер бірлестігінің төрағасы (немесе міндетін атқарушы) (келісім бойынша);

«Қызылорда облысы жолаушыларын автокөлікпен тасымалдаушылар ассоциациясы» жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қауымдастығының төрағасы (немесе міндетін атқарушы) (келісім бойынша);

«Парыз» Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілер Ұлттық Конфедерациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша өкілі;

Қызылорда қаласының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Арал ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Қазалы ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Қармақшы ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Жалағаш ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Сырдария ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Шиелі ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы);

Жаңақорған ауданының әкімі (немесе міндетін атқарушы).